



Автор: КОНЫРОВА РАЙСА ЖАСКАЙРАТОВНА
Предмет: История Казахстана
Класс: 8 класс
Раздел: Казахское ханство в XVIII веке
Тема: Абылайхан

эссе	1.Абылайдың қолбасшысы , саяси қайраткер ретінде қалыптасуы; 2.Абылайдың қазақ жерлерін біріктіру жолындағы күресі; 3.Абылай ханның ішкі және сыртқы саясаты; 4.Абылайдың қазақ тарихында алатын орны.	
эссе	Абылай деген кім?	Абылай туралы не білесіңдер? Өткен сабақты қайталау
эссе	Абылай деген кім?	Абылай туралы не білесіңдер? Өткен сабақты қайталау
эссе	Абылайхан	
эссе	Абылай деген кім?	Абылай туралы не білесіңдер? Өткен сабақты қайталау

Ход урока

Этапы урока	Запланированная деятельность на уроке	Ресурсы
эссе	1.Оқушыларды Абылайдың өмірі және қызметімен таныстыра отырып, аса ірі мемлекет қайраткері, дипломат, қолбасшы болғандығын көрсету. Абылайды осындай дәрежеге көтерген деректерді ашу; 2.Қосымша әдебиеттерді пайдалана отырып, оқушыларды өздігінен жұмыс істеуге,көркем шығармаларды түсініп оқуға, ізденіске баулу 3.Абылай хан бейнесі арқылы оқушыларды Отанға деген сүйіспеншілік, адалдық, табандылық рухында тәрбиелеу.	
Абылайхан	Абылай хан – 1711 жылы (кейбір деректерде 1713 жылы) Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қаласында дүниеге келді.Азан шақырып қойған шын есімі Әбілмансұр. Абылай хан Қазақ хандығының 18-ші ханы.Қазақ хандығының тарихындағы ең ұлы хандарының бірі. Арғы тегі Ақ Орданың негізін қалаушысы Орда Ежен ханнан бастау алады. Абылай сонымен қатар Барақ, Ұрыс, Әз-Жәнібек хандар сияқты билеушілердің тікелей ұрпағы. Абылай хан қазақ тарихындағы бірегей тұлға Кенесары ханның атасы. Уәлибақының баласы Абылай жекпе-жекке шыққанда жауы шақ келмейтін батыр болып, қанішер Абылай атағына ие болыпты. Осы Абылайдан көркем Уәли туады. Оның баласы Әбілмансұр(кейін қазаққа хан болып Абылай атанған) «Ақтабан шұбырынды» жылдарында жетім қалып, үйсін Төле бидің қолына келеді. Аштықтан жүдеген өңін, өсіп кеткен шашына қарап Төле би оған «Сабалақ» деп ат қойып, түйесін бақтырады. Төле бидің тәлім-тәрбиесінде болуы Абылайға зор ықпал етті. Қазақ даласының даналығын бойына жинаған баба ақылы мен парасатын, ел билеу қабілетін, анталаған жауға қарсы қазақ халқы басы біріксе ғана тойтарыс бере алатынын жас баланың санасын ұялта білген. Абылай мұсылманша жақсы білім алған, шығыстың жеті тілін білген , домбыраны да жақсы ойнай алатын. Абылай сұлтан бойы ұзын,дене-бітімі бойынша ерекшеленетін. Құрдастары мен замандастары оны батылдығы мен ержүректілігі үшін құрметтейтін. Абылай сонымен қатар, сөзге шешен, терең ойлы, асқан ақылды,барынша адал әрі әділ. Керемет шешендігімен қатар қазақтың әдет заңдарын білетінжәне шежірені тамаша білгендігімен ерешеленеді.Абылай өз заманының төңірегінде халықтың құрметіне бөленген ең беделді әрі адал адамдардың арасында топтастырылды.	